

## ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ – ҚҰЛЫҚТЫҢ ЖАСТАР АРАСЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ НЕЙРОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШІЛЕКТЕРІ

Құспанова Ансағаным Маратовна

[abdurrahim2017@mail.ru](mailto:abdurrahim2017@mail.ru)

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Педагогика және психология» білім бағдарламасының 1 курс магистрі  
Ғылыми жетекшісі, пс.ғ.к. қауымдастырылған профессор – Сабирова Ж.Н.

Қоғамның басқа топтарына қарағанда девианттық мінез - құлық жастар арасында көбірек байқалады және делинквенттік мінез – құлық бір мезгілде жүреді. Жастар арасындағы ауытқушы мінез – құлқының негізгі түрлеріне эмоционалды нейробиологиялық сипаттамасы былай деп берілген.

Отбасылық қарым-қатынастары мазмұнсыз салыстырмалы тұрғыда өнегелі мәдени деңгейі төмен отбасыларының тәрбие мәселелерінде біліктіліктері аз болады. Бұндай отбасылары үшін мектеп психологтары жүргізетін педагогикалық-психологиялық кеңес беру жұмыстарының маңызы зор.

Психологиялық кеңес беру кезінде ата-аналарға тек бала тәрбиелеуде кездесетін қиындықтармен қатар, жағдаятқа бірге талдау жасауға, кеңес алуға, нақты ұсыныстар алуға, мәселенің шешімдерін талқылауға мүмкіндік беріледі.

**Девиантты мінез-құлық** -балалар мен жасөспірімдердің жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекеттері,оқудан қасақана жалтару,отбасынан немесе балаларды оқыту –тәрбиелеу ұйымдарынан үнемі келіп қалуы, сондай-ақ олардың қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыс белгілері бар, қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасауы, қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы. Кең мағынасында девиантты мінез-құлық кез келген әлеуметтік ережелерден (мысалы, оның ішінде жағымды: батырлық, аса еңбек-қорлық, альтруизм, өзін құрбан ету, аса үлкен рөл ойнау, жетістіктермен қатар, жағымсыз: қылмыс, қоғамдық тәртіпті бұзу, адамгершілік ережелерін, дәстүрді, әдет-ғұрыптарды аттап өту, өзіне-өзі қол жұмсау және т.б.) ауытқушылықты білдіреді.

**Делинквент** (лат.Delinguens –құқық бұзушы) –ауытқыма мінез-құлқы өзінің ұшқары көріністерінде қылмыстық жазаланатын әрекет болып шығатын субъект.

Жас балалардың құқық бұзушылығына – бос уақыттың көптігі, пайдалы іспен айналыспау, ата-ана тарапынан бақылаудың өз дәрежесінде болмауы, құқықтық білімнің аздығы, интернетке тәуелділік, әлеуметтік желілердегі өзіне тартатын әртүрлі ойындар мен клубтардың болуы басты себеп болып табылады.

Психолог, нейробиологияның негізін қалаушы, Александр Романович Лурия

«Үш негізгі функционалды блок» атты Нейробиология негіздері кітабы жарыққа жарияланды.

«Үш негізгі функционалды мидың бөлігін былай қарастырған

ми


дың бөлігі үш бағытқа бөлінген:

1. энергетикалық блок.
2. сенсорлық ақпаратты қабылдау өңдеу және сақтау.
3. бағдарламалау реттеу және бақылау.

1960 жылдары американдық дәрігер нейробиолог Пол Маклин өзінің "эволюциядағы,эмоционалдык үштік ми: деп аталған бағытын жүзеге асырды.


### Мидың дамуын үш түрге бөлген:

1. Рептильді ми (инстинкт),
2. Лимбиялық ми(эмоция сезім).
3. Неокортекс «визуалды ми» (ойлау, талдау, шығармашылық).



**Ен бірінші Рептильді ми** туралы қысқаша сипаттамасы Девиантты мінез – құлықтың жастар арасындағы эмоционалдык нейробиологиялық ерекшеліктері. Мінез құлықтың өзгеруі, суық қанды мінез-құлық, эмпатияның болмауы, көру сезімі, сенсорлық орган жоғарлығы, алдау, өтірік айту, агрессия, өз аумағын қорғау, қауіпті болуы, ашу реакция, дөрекілік, мейірісіздік, үлкен кішіні сыйламау, қорқынышты, барлығына ие болуға және бәрін басқаруға деген ұмтылыс, билік үшін күрес, ешкімді елемей (игнорирование). олар іштей өз жүріс-тұрыстары мен іс-әрекеттеріне баға бере алмайды, осындай реакцияға жауап береді. Жасөспірімдерге қоршаған адамдардың немқұрайлылығы, зейін қоймауы негізінде дамитын психологиялық әлеуметтік-педагогикалық бақылаусыз қалу.


Нәтижесінде жалғыздық, қараусыз қалғандық, қажетсіздік, қорғансыздық сезімдері пайда болады. Үлкендерге деген қарсылық, жатырқаушылық, жек көру сезімдері, пайда болады.



### Лимбическая система головного мозга человека

**Отвечает за:**

- Чувства и эмоции;
- Бессознательные реакции;
- Образное мышление
- Приспособление к окружающей среде и её изменениям.



Деятельность лимбической системы влияет на разум и сознание, но напрямую разумом не осознаётся и не контролируется!!!

**Екінші Лимбиялық ми(эмоция сезім).** Жастар арасындағы адагершілік қадір қасиеттері төмендейді, ұрлық тонау, зорлық - зомбылық жасау, темекі мен наша тарту, сұйық заттарды иіскеу сияқты икемді, көңіл-күйдің өзгеруі, эмоционалды күш ерік жегерді жоққа шығаруы мүмкін, махаббатты сезім жоғалту, ұйқы болмауы, эмоционалды және физикалық іс – әрекетті әлсіздігі, стресс, қорқыныш немесе сезімталдық, өмірінде болатын өзгерістер, белгісіз қорқыныш, жағымсыз іс-әрекеттерді еске сақтау, өзіне қол жумсауы.

### Үшінші Неокортекс «визуалды ми» (ойлау, талдау, шығармашылық)

Девиантты мінез – құлықтың жастар арасындағы визуализация жағымсыз суреттері пайда болады ол интернет, теледидар, ұялы телефон керек емес ақпараттан неокортекс миын толтырып өзіне қорытынды шығаруда. өзінің мінез – құлықтарын басқара алмай, өз өзінің тәрбиелеуге бейімділіктері жоқ, жастар арасында шағын топ субмәдениет готы жатады. Жағымды визуализация бағыты рационалды ойлау, талдау қабілеті, креативті шығармашылық жұмыс іс әректін жүзеге асыру, сөйлеу қозғалыс әрекеті, қозғалыс әрекеті, ой

тұжырымын қорытынды жасау, кеңістіктік ойлау (математикада – әр түрлі формадағы құралымдарға (конструкцияларға) орта ретінде қызмет атқаратын логикалық ойлау формасы (немесе құрылымы)). Жалпы педагог психологтар дiрiгерлер, әлеуметтік педагог тарапынан жастарға дербес қарым қатынас, iлтипат, сый құрмет, жылы лебез қажет. Ендi миымыздың құрылымы туралы түсiнiкке ие бола отырып, Жастар арасындағы жағымды әрекеттерге қол сөзып қандай әрекеттер жасау керектiгiн анықтау,

- мақсат қойып, жоспар құруға,
- жастар арасындағы мақсаттарыңыз бен армандарыңызды талқылаңыз,
- көрнекi ойлауды қалыптастыру;
- жастарды шығармашылық шабыттқа және қысқа уақыт iшiнде әрекет етуге себеп болыңыз,
- логика арқылы идеялар мен мақсаттарды қабылдауға көмек берiнiз.

Кәмелетке толмаған жастар арасындағы девиантты мiнез - құлықтың пайда болуының негiзгi себептерiнiң бiрi; ата-ана тарапынан бақылаудың өз дәрежесiнде болмауы, отбасы тәрбиесiнiң дұрыс ұйымдастырылмауы: Олар: әке-шешесiнiң терiс үлгiсi, ата-ананың бiреуiнiң болмауы, үй iшiндегi еңсенi басатын ауыр жағдай – отбасындағы жағымсыз ахуал, өнебойы болып тұратын ұрыс, жанжал, құқықтық бiлiмнiң аздығы, интернетке тәуелдiлiк, әртүрлi ойындар мен клубтардың болуы басты себеп болып табылады. Жастар арасындағы табиғи эмоционалдык нейропсихологиялық ерекшелiктерiн ескермеу.

Өкiнiшке орай отбасының терiс қылықтарын атап көрсету оңай, түзету қиын. Көптеген зерттеушiлердiң пiкiрiнше, осы жағдайда iс-әрекеттiң бiрнеше өзектi бағыттарын бөлiп көрсетуге болады.

### **Ұсыныс**

**Бiрiншi бағыт** кәмелетке толмағандардың девиантты мiнез-құлқының алдың алу стратегияларын құру және жүзеге асыру.

Бұл тек мектептегi, колледж, университет тәрбие субъектiлерi мен педагог — психологтардың күшiмен ғана емес, көптеген басқа да мамандардың, әсiресе педагогтардың бiрлескен әрекетiмен жүзеге асады және отбасының рөлi зор.

**Екiншi бағыт**- бiлiм беру ұйымдарында педагог — психологтардың девиантты, делинквенттi балалар және жасөспiрiмдермен арнайы жүргiзетiн жұмыстары. Бұл бағыт аясында түзету жұмысына арналған негiзгi амалдардың ғылыми-әдiстемелiк құралдарын арнайы топтық тренингтер мен жеке түзету жұмыстарының бағдарламаларын құруды бөлiп көрсетуге болады.

**Үшiншi бағыт**— девиантты және делинквенттi мiнез-құлқты кәмлетке толғандарды қайта әлеуметтендiру саласында әртүрлi ұйымдардың ерекшелiктерi мен құзырлық аясын анықтау. Бiрiншi кезде бұл мектеп, колледж, университет психологиялық әлеуметтiк оңалту орталықтары, кәмлетке толмағандар iсi жөнiндегi инспекция, арнайы кеңес беру орталықтары болса екен.

Девиантты және делинквенттi мiнез-құлқтың алдын-алуда бiрлескен iс-әрекет ортасын құру үшiн мектепте колледж, университет педагогтар, сынып жетекшiсi, әлеуметтiк педагог, педагог - психологтар мен тәрбие субъектiлерiнiң девиантты және делинквенттi мiнез- құлықтың алдын-алу шараларын жүргiзуде кiрiктiрiлген (бiрлескен) жұмыс жоспарын құра отырып, бiр бағытта, үйлесiмдi, кеңесе отырып, ортақ шешiм қабылдап жұмыс жасауы маңызды.

Девиантты мiнез-құлқтың алдын-алуда мектеп пен отбасының өзара әрекеттестiгi бағытында ата-аналармен жүргiзiлетiн алдын алу, түзету жұмыстарын екi топқа бөлуге болады. Ата-аналардың ұлттық психологиялық педагогикалық мәдениетiн көтеру: құқықтық тәрбие сұрақтары бойынша дәрiстер оқу, әнгiмелесу, педагогикалық өзiндiк бiлiмiн көтеруге арналған нұсқаулар беру,

ұжымдық және жеке тақырыптық кеңестер беру т.б.

- Мінез құлықты оқушының ата-анасына – тікелей әсер ету әдістері: Девиантты мінез- құлықты кәметке толмағандардың отбасындағы қарым-қатынасты түзету, отбасылармен жеке жұмыстар жүргізіп, қамқорлығына алу т.б. жатады

### **«Астарлы әңгіме» » айяқтағым келеді**

Томас Эдисон жас кезінде мектептен үйіне оралып, анасына мұғалімнің хатын қолына тапсырды. Анасы бұл хатты көзіне жас алып, дауыстап оқыды: "Сіздің ұлыңыз – данышпан. Бұл мектеп тым кішкентай және оған үйрете алатын қабілеті мұғалімдер жоқ. Өтінемін, оны өзіңіз үйретіңіз".

Анасы қайтыс болғаннан кейін көп жылдар өткен соң (Эдисон ол кезде ғасырдың ең ұлы өнертапқыш бірі болған) ол ескі отбасылық мұрағаттарды қайта қарап, осы хатқа тап болды. Ашқаннан кейін Томас Эдисон оны оқып: "Сіздің ұлыңыз ақыл – есі кем. Біз оны енді оқушылармен бірге мектепте оқыта алмаймыз. Сондықтан оны үйде өзіңіз үйретуге кеңес береміз". Эдисон бірнеше сағат бойы жылап. Содан кейін ол өзінің күнделігіне былай деп жазды: "Томас Альва Эдисон Ақыл-есі кем бала еді. Батыр анасының арқасында ол өз дәуірінің ең ұлы данышпандарының біріне айналды".

Әр баланың өзінің дара ерекшелігі бар, оны байқай білу де, оны орайына қарай дұрыс бағытқа сілтей білу де шеберлікті қажет етеді. Қандай қиын бала болса да оның ар-намысына тимей, жеке ерекшелігін ескеріп, икемі бар жаққа қарай қызықтырып, қоғамдық таныту, оның алдына айқын мақсат қойдыра білу және оған жетуге көмектесу сияқты сан-салалы, тынымсыз тәрбиелеу жұмысы мен түзету шаралары арқылы ғана мақсатқа жетуге болады. «Баланы бастан» демекші, әуел бастан-ақ балаға дұрыс ықпал, түзу бағдар беру, тәрбие жұмысын бір минутта ұмыт қалдырмау баршамыздың борышымыз.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Керімов Л.К. «Қиын жасөспірімдерді жеке – дара қайта тәрбиелеу теориясы мен практикасы» – Алматы, 2003. – 123 б.
2. Казымбетова Д.К. Девиантное поведение молодежи как объект социологического исследования: дис. на соиск. учен. степ. канд. наук. – Алматы, 1999. С. 36
3. Джаманбалаева Ш.Е. Социальные проблемы девиантного поведения. Автореферат. – Алматы, 1996. – С. 3-23.
4. Кон И.С. Психология ранней юности: Кн. Для учителя.-М.: Просвещение, 1989. – 255 с.
5. Социально-педагогическая деятельность образовательных учреждений: новые подходы и перспективы // научный информационно-метод. Сб.-М.: Центр инноваций в педагогике, – 189 с.
6. Кон И.С. Психология ранней юности: Кн. Для учителя.-М.: Просвещение, 1989.
7. Выготский Л.С. Т.4. Детская психология. – М.
8. [https://docs.google.com/document/d/1M8QSVd4vvaEOMIZYtKQ\\_ABvi7SBFa4oJ/edit?usp=sharing&oid=105209569408650371250&rtpof=true&sd=true](https://docs.google.com/document/d/1M8QSVd4vvaEOMIZYtKQ_ABvi7SBFa4oJ/edit?usp=sharing&oid=105209569408650371250&rtpof=true&sd=true)